______________________________ **облысының**
**____________________________________сотына**

**Талапкер:** Т.А.Ә., туған күні, ЖСН:____________,
мекенжайы: ______ қ., ____көшесі, № ___үй
№_____пәтер;
ұялы байланысының абоненттік нөмірі:
___________________________
электрондық мекенжайы:
___________________________

**Жауапкер:** 1. Т.А.Ә., туған күні, ЖСН:____________,
мекенжайы: ______ қ., ____көшесі, № ___үй
№_____пәтер;
ұялы байланысының абоненттік нөмірі:
___________________________
электрондық мекенжайы:
___________________________
*(егер жеке сәйкестендіру нөмірі, ұялы байланысының абоненттік нөмірі мен электрондық мекенжайы талап қоюшыға белгілі болса)*

**Мүдделі тұлға:** «________қ. Білім басқармасы» ММ
Қамқоршылық және қорғаншылық бөлімі,
____көшесі, № ___үй

**ТАЛАП АРЫЗ**
**(баланың тұрғылықты жерін анықтау туралы)**

_________жылы мен азамат Т.А.Ә._____________________________ заңды некеге тұрдым және біздің некеден Т.А.Ә. ________, ____________туған ұл бала бар.

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 21-бабы, 1-тармағына сәйкес ерлі-зайыптылар арасында мүліктік және өзге де наразылықтар болмаған соң __________ қаласының ____________аудандық сотының шешімімен _______ жылы неке бұзылды.

Неке бұзу туралы куәлік _____ жылы берілді.

_______ (күні, айы, жылы) сот бұйрығының негізінде жауапкерден баланың асырауына алимент өндіріліп алынды.

Жауапкер оның баламен менің көзімше үйде қатынасқанына еш кедергі жасамағаныма қарамастан менімен келіспей, менің рұқсатымсыз баланы белгісіз бағытта алып кетеді, содан соң өзі қалаған уақытта алып келеді, ол туралы мені хабардар етпейді.

Сонымен қатар, мен жауапкерге оның ата-аналық құқықтарын іске асыру

тәртібі туралы келісім жасауды ұсындым, себебі ұлымыз диспансерлік есепте «__________» диагнозбен тұрғандықтан үнемі күтімді қажет етеді.

Жауапкер осы мәселе бойынша менің ұсыныстарыма келіспейді, керісінше, баланы белгісіз жаққа алып кетеді: бала кіммен, қайда болатыны белгісіз, және де ұлымның айтуынша жауапкермен оның жұбайы ұлымды маған қарсы қояды, бұған жол беруге болмайды деп санаймын.

Ұлымызды тәрбиелеуді маған қалдырғанына, мен ата-аналық құқықтарынан айрылмағаныма, өз ата-аналық құқықтарымды дұрыс орындап жатқаныма қарамастан, соңғы уақытта жауапкер маған үй салып, ұлымды алып кетемін деп қорқытады.

Жауапкер өзінің тұрғылықты жерін жасырып отыр, сондықтан мен сотқа оның тұрмыс жағдайын тексеру актісін келтіре алмаймын.

Ұлым туған мезеттен бастап менімен бірге тұрғандықтан кәмелетке толмаған баланың тұруына қойылатын талаптарға менің тұрмыс жағдайым сәйкес келеді, оны тұрмыс жағдайды тексеру актісімен растаймын.

Сонымен қатар, ұлым үйдің жанындағы мектепке барады, маған бауыр басып қалған, сондықтан баламның тұрғылықты жері етіп анасымен, яғни мен жоғарыда көрсетген мекенжай бойынша белгілеуді дұрыс деп санаймын.

Және де ұлымның денсаулық жағдайын, ұлымды жауапкердің маған қарсы қоятынын ескере отырып, жауапкердің ата-аналық құқықтарын шектеуді, оның ата-аналық құқықтарын жүзеге асыру тәртібін ұлдың тұрғылықты мекенжайы бойынша менің қатысуыммен орнатуды қажет деп санаймын.

Іс бойынша барлық сот шығындарын жауапкерге жүктеуді сұраймын.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде және Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 73-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 148-149-баптарына сүйене отырып,

**С Ұ Р А Й М Ы Н:**

1. __________________ (талапкердің Т.А.Ә.) жауапкерге ____________________ (жауапкерлердің Т.А.Ә.) жазған баланың тұрғылықты жерін анықтау туралы талап арызын қанағаттандыруды.
2. Баланың (Т.А.Ә.) тұрғылықты жері етіп анасымен - ________________мекенжайы бойынша белгілеуді.
3. Іс бойынша барлық сот шығындарын жауапкерге жүктеуді.

*Талап қою арызына қоса берілетін құжаттардың тізбесі:*

1. *Арыз көшірмесі;*
2. *Жауапкерге немесе оның өкіліне, үшінші тұлғаларға талап қою арызы мен оған қоса берілген құжаттар көшірмелерінің жіберілгенін растайтын құжат;*
3. *Мемлекеттік баж салығы төленгендігі туралы түбіртек;*
4. *Баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі;*

5. *Неке бұзу туралы сот шешімінің көшірмесі;*
6. *Сот бұйрығының көшірмесі;*
7. *Талапкердің тұрмыс жағдайын тексеру актісі;*
8. *Медициналық құжаттардан үзінді.*

Талапкер: ( қолы, Т.А.Ә. ) Күні ________

СУДЕБНЫЙ КАБИНЕТ JUDICIAL OFFICE
СОТ КАБИНЕТІ
ЖОҒАРҒЫ СОТ
ТӨРЕЛІК
ВЕРХОВНЫЙ СУД -KZ- SUPREME COURT